«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

19.07.18 № 02-09/1650

«KUT GROUP» ЖШС-не
Алматы қ-сы, Микрорайон ЖЕТЫСУ
шағын ауданы 2 73 17, тел 87058737347,
Email: testnss09@gmail.com.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, «Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорны *(бұдан әрі-ұйымдастырушы)* Камералдық бақылау жүргізу нәтижесімен, конкурсты ұйымдастырушының тарапынан №2624929-1 «Жарықдиотты шамдар» жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 10.07.2018 жылғы №18280 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасы *(бұдан әрі – Қағида)* 157-158-тармақтары бұзылып конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан шартты жеңілдік бағасын қарау кезінде сапа менеджменті мен қоршаған ортаны басқару менеджменті сертифкаттарын ұсынғанына қарамастан негізсіз 3% шартты жеңілдік берілмегені анықталды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңызда көрсетілген мән жайлар бойынша өз дәлелін тапты

Департамент тарапынан камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен Конкурсты ұйымдастырушы тарапынан, бекітілген конкурстық құжаттаманың 16-тармағында, сатып алынатын тауарлардың сипаттамасын және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары бар, оның ішінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы моделдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, *тауардың шыққан жерінің атауын және өндірушінің атауын* және *осы КҚ-ға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өзге де сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшелікті қамтитыны* көрсетілген.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған, Қағиданың конкурстық құжаттамасының 3-қосымшасына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігі берілетіні онда дайындаушы зауыттар атауын көрсетілу қарастырылған.

Қағиданың 150-тармағының 2-тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынбаған жағдайда конкурсқа жібермейтіні көрсетілген.

Алайда, конкурстың қортындысы туралы хаттамасына сәйкес, жеңімпаз болып танылған. «ELS» ЖШС-мен «KUT GROUP» мен» Сана-Строй Компани» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға ұсынған өтінімінің техникалық ерекшелігінде дайындаушы зауыттар атауы көрсетілмегеніне қарамастан негізсіз конкурсқа қатысуға жіберілген

Анықталған бұзушылықтарды жою үшін, Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесі, бойынша Ұйымдастырушыға хабарлама жіберілді.

Сондай-ақ, Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.